



БАСТЫ ТАҚЫРЫП:

«СӘЛЕМ АЙТЫП ЖАТЫР АУЫЛ...»

9-12 бетте

2025 жыл / 25 сәуір / жұма / №43 (19740)

«Қостанай таңы» қоғамдық саяси газеті 1922 жылдың 25 маусымынан шыға бастады

Qostanai tañy

kostanaytany.kz

e-mail: kostanaytany@mail.ru

Ж.СӘБИТБЕК



Қазақ даласына білім шамын жаққан ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығына арналған облыстық «Ыбырай оқулары» байқауы биыл алғаш рет ұйымдастырылды. Білім және Мәдениет басқармалары бірлесе өткізген іс-шараға тоғыз жүзден астам бала қатысқан.

ЫБЫРАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Байқау Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаттың қабырғасында өткізілді. Қара шаңырақтың негізін 140 жыл бұрын

Ыбырайдың өзі қалаған. Сол киелі білім ордада болашақтың үмітін арқалаған ұрпақ жиналып, бар өнерін паш етті.

Облыстық мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Саят Жүсіпов қатысушыларды келіп құттықтады.

«Ыбырай шығармалары кейбір бағылымдарда қате немесе қысқартылған түрде беріліп жүр. Осы олқылықтардың орнын толтыру үшін музей қызметкерлері зерттеулер жүргізіп, ғылыми мақалалар жариялап, арнайы байқау да ұйымдастырды. Бұл — ағартушы мұрасын лайықты түрде келесі ұрпаққа жеткізудің маңызды қадамы», — деді ол.

Сайыстың алғашқы кезеңіне 906 оқушы қатысып, солардың ішінен 90 дарынды оқушы облыстық кезеңге жолдама алған.

Ыбырай Алтынсарин мемориалдық музейінің басшысы Марғұлан Оспанов құттықтау сөзінде ұлт руханиятының алтын қазығына айналған даланың дара ұстазына арналған тарихи сәттің маңызын атап өтті.

2-бет

ЖАҢА ЗАҢ НЕСІМЕН ТИІМДІ?



2 бетте

БІРЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ...



3 бетте

АДАМГЕРШІЛІК БАҒБАНЫ



8 бетте

БЕРЕШЕК 3 МЛРД ТЕҢГЕДЕН АСАДЫ

СӨЙЛЕ, ЦИФРА

4 бетте

Заң және тәртіп

Жаңа заң несімен тиімді?



Сералы МЫРЗАБАЙ

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесін реттеуге қатысты наурыз айында жаңа заң қабылданған еді. Осы мақсатта Экономикалық тергеу департаменті ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 204-4-бабының нормаларын түсіндіру үшін бизнес өкілдерімен кездесті.

Аталған заң күшіне енгенге дейін мемлекет белгіленген шектеулер бұзылған кезде кәсіпкерлерге ескерту түрінде жаза қолданып келген. Яғни айыппұл салынбай, бірақ мұндай әрекеттерге жол бермеу туралы ресми хабарламамен шектелген. Енді жаңа заң бойынша әлеуметтік азық-түлік бағасын шекті бағадан асырып сатқандарға бірден айыппұл салынады.

«Өткен жылы сауда және тұтынушы құқығын қорғау департа-

ментіне 30 іс жіберілді. Оның 27-сі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 204-4-бабы 1-бөлігі бойынша ескерту түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Үш жеткізушіге «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 204-4-бабы 2-бөлігі бойынша айыппұл салынды. Олардың бидай ұны бойынша сауда үстемесін 20%-ға, түйіршіктелген қантқа 26 пайыз, айран бағасына 31 пайыз қосып сатқаны анықталды. Бірінші кезектегі азық-түлік бағасының тұрақсыздығы

жағдайында және кәсіпкерлердің әлеуметтік талаптарды сақтағаны үшін жауапкершілігін арттыру үшін мемлекет қатаң реттеу шараларын қабылдады», – деді Экономикалық тергеу департаментінің өкілі Қайрат Жапаев.

Заңның жаңартылған редакциясына сәйкес, енді рұқсат етілген шектен асырған жеке тұлғалар мен шағын кәсіпкерлік субъектілері 5 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілері 35 АЕК және ірі кәсіпкерлер 150 АЕК көлемінде айыппұл төлейтін болады.

«Бұл өзгерістер халықтың барлық топтары үшін әлеуметтік тауарларға қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Айыппұл санкцияларын енгізу бағаның негізсіз көтерілу деңгейін төмендетіп, ішкі азық-түлік нарығындағы жағдайды тұрақтандыруы керек. Сондай-ақ бұл жосықсыз кәсіпкерлер тарапынан бағаны жасанды түрде көтеруге, кәсіпкерлік субъектілері арасындағы адал бәсекелестікке жағдай жасайды», – деді ол.

Осылайша, осы жылдың 13 наурызында күшіне енген заң жобасы мемлекеттік баға әділдігін және адал кәсіпкерліктің, сондай-ақ тұтынушылардың да мүддесін қорғайды.

Ал сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің өкілі Әсем Нұрғалидің айтуынша, сауда саласына жүргізілген бақылау шаралары өз нәтижесін беруде. Департамент өткен және осы жылы ішкі саудада бірқатар заң бұзушылықты анықтап, әкімшілік шаралар қолданған.

«2024 жылы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесін 15%-дан асырғаны үшін 244 сауда нысаны тексерілді. Оның ішінде 214 саудагер әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 4-іне жалпы 452,7 мың теңге көлемінде айыппұл

салынды. Тағы 10 кәсіпкерге тұтынушылардың шағымдары негізінде қосымша 162,4 мың теңге айыппұл төлеу міндеттелді», – дейді Әсем Нұрғали.

Биылғы жүргізілген 46 тексеру қорытындысында 41 субъект жазаланған. Олардың біріне ғана айыппұл салынса, қалғандары ескерту алған. Сонымен қатар сөреде баға белгісінің болмауы және әртүрлі баға қолдану деректері үшін тағы 463,9 мың теңгеге айыппұл салынған.

Департамент өкілінің айтуынша, қатаң бақылау шаралары арқылы бірқатар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын төмендету мүмкін болған. Нәтижесінде, картоп құнын 350 теңгеден 287 теңгеге дейін, қант бағасын 500 теңгеден 425 теңгеге, күнбағыс майын 1040 теңгеден 977 теңгеге дейін, күрішті 610 теңгеден 425 теңгеге және сәбізді 300 теңгеден 103 теңгеге дейін төмендеткен.

«Мысалы, Қостанай қаласындағы «Б маркет» дүкенінде сөре мен чектегі бағаның сәйкес келмеуі анықталып, кәсіпкер 393 200 теңге айыппұл төледі. Тағы бір жағдай жеке тұлғаның өтініші бойынша «К» кәсіпкерге 11 077 теңге айыппұл салынды. Кәсіпкер көкөністерге баға белгілеуін қоймаған», – дейді Әсем Нұрғали.

Департамент өкілі облыс көлемінде сөрелерде баға белгілерінің болмау дерегі көптеп кездесетінін айтады. Әсіресе, үйлердің жанынан ашылған дүкендерде. Департамент түсіндіру жұмыстарын жалғастыра бермек. Жаңа заң бойынша кәсіпкер бір рет айыппұл алса және бір жыл ішінде заң бұзушылық қайталанса, айыппұл көлемі екі есе артады.

Суреттерді түсірген – автор

Ыбырай әлеміне саяхат

1-бет

«Бұл байқау облыстық деңгейде тұңғыш рет өткізіліп отыр. Бұған дейін аудандық кезеңдер өтті. Екі кезеңнен тұратын сайыс – облыстық білім мен мәдениет басқармаларының бірлескен жобасы. Негізгі ұйымдастырушы – қара шаңырақ мектеп-гимназия. Биылғы ерекшелік – оқушылар үш буынға бөлініп қатысады: бастауыш, орта және жоғары сыныптар. Жоғары сынып оқушылары өлеңдерді жаттап қана қоймай, прозалық шығармаларды мазмұндап айтып, сұрақтарға жауап беруге тиіс. Бұл байқауды келесі жылы республикалық деңгейде өткізу жоспарымызда бар», – деді ол.

Аудандық кезеңде топ жарып, облыстық додаға келгендердің бірі – Аманкелді ауданындағы Б.Қолдасбаев атындағы мектептің 6 «в» сынып оқушысы Еркежан Ғазезова.

«Мен байқау алдында қобалжыдым, бірақ өзіме сендім. Осы сенім мені жеңіске жетеледі. Облыстық кезеңге 25 өлеңді жатқа дайындап келдім. Өлеңдерді жай жаттап қана қоймай, олардың мәнін түсініп, жүрегіммен қабылдауға тырыстым», – дейді жас өрен.



Күн ұзаққа созылған байқауда балалар өлең оқып қана қоймай, прозалық шығармалардан қойылған сұрақтарға жауап беріп, Ыбырайдың әдеби стилі мен рухани мұрасын қаншалықты терең меңгергенін көрсетті. Әр қатысушы білімге деген құштарлығын, өнерге деген талпынысын айқын дәлелдеді.

Әдебиет пен сөз өнеріне деген шынайы сүйіспеншілік танытқан оқушылардың өнерін бағалау әділ қа-

зылар үшін оңай болған жоқ. Бастауыш буын оқушылары арасында өткен сөз өнері сайысында бас жүлде Медина Отаралыға бұйырды. Оқушы көркем мәтінді шеберлікпен жатқа айтып, сахнада өзін сенімді көрсете білді.

Бірінші дәрежелі дипломмен Айзере Бейсенбек және Жанель Нағашыбай марапатталды. Олар байқау барысында мәнерлеп оқу мен сахналық мәдениеттен жоғары деңгей көрсетті.

Орта буын, яғни 5-7 сынып оқушылары арасындағы байқауда бас жүлде Қостанай қаласынан қатысқан Назерке Егінбайға табысталды. Ол өз өнерімен көрермендерді тәнті етіп, ерекше әсер қалдырды. Бірінші дәрежелі дипломмен марапатталғандар – Төлеген Сезім мен Зере Қуатбек.

Жоғары буын, яғни 8-11 сынып оқушылары арасынан бас жүлдені Назгүл Қуанышбек жеңіп алды. Ол байқау барысында терең мазмұнды ой мен сахна мәдениетін жоғары деңгейде көрсетті. Бірінші дәрежелі дипломмен Әсел

Хаджабай мен Аружан Қабыкен марапатталды. Олардың сөз саптау, көркем оқу жағынан алған ұпайы жоғары.

Жеңімпаздар арнайы дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Олардың әрқайсысы өз мектебінің, өз ауданының, тіпті бүкіл Қостанай облысының абыройын асқақтата білді. Қостанай ауданынан келіп қатысқан Светлана Новицкая ұлты өзге болса да, Ыбырай атамиздың жиырмандан астам өлеңін, оның сыртында қысқа әңгімелерін жатқа айтып, ерекшелігімен көзге түсті.

Облыстық деңгейдегі байқауға алғаш рет қатысу – әр оқушы үшін үлкен тәжірибе. Бұл жолы Жанкелдин ауданынан келген Медина Отаралы осындай маңызды сында өз бағын сынап көрді. Ол үшін бұл оңай болған жоқ.

«Бұл байқауға үлкен жауапкершілікпен қарадым. Ыбырай атамиздың 22 өлеңін жаттап келдім. Өлеңдерін оқи отырып, жүрегіме мейірімділік, ізгілік қасиеттерін сіңірдім. Бұл шығармалар менің дүниетанымыма, адамгершілік ұстанымдарыма оң әсер етті», – деп қуанышын бөлісті Медина.

Оның айтуынша, дайындық кезеңі тек жаттаумен емес, атаның шығармаларындағы терең мағынаны түсінумен өтті. Сондықтан Медина үшін бұл сайыс тек жарыс емес, үлкен шабыт сыйлағандай.

Суреттерді түсірген –
Жансая СӘБИТБЕК